



Автор: Балмұқанов Нұрболат Қобыланұлы

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Дизайн және технология

Тақырып: Сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы, сызбасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.5.1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9.1.5.2 әр түрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып) өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру
Сабақтың мақсаты:	1. Күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жинақтайды. 2. Әр түрлі графика тәсілдерін қолданады.(оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады). 3. Өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құрады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: пішіндер, дизайн, графика тәсілдері т.б.
Күтілетін нәтиже:	Білу және түсіну, қолдану. Жоғары деңгей дағдылары
Бағалау критерийлері:	- Күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындайды. - Әр түрлі графика тәсілдерін қолданады.. - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады. - Өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құрады.
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет көрсетуге баулу Қоршаған ортаға деген оң көзқарасын дамыту. (ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ).
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ қолдануда қауіпсіздік шараларын еске түсіре отырып оны сақтау .
Пәнаралық байланыс:	Информатика- ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады. Өзін-өзі тану- өзіндік баға беріп, өз көзқарасын білдіреді.
Бастапқы білім:	Сәулет өнерінің үздік туындылары. Заманауи сәулет өнері. Қазақстан сәулет өнері. (заманауи және тарихи)

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сабақ барысында: Оқушылармен амандасу, түгендеу. Оқушылардың зейінін шоғырландыру. С. Қызығушылықты ояту «Миға шабуыл» әдісі - Бұл қай қала? - Суреттегі қандай ғимараттар ? -Бұл ғимараттар қалай салынады?(бірден салына ма,әлде жобалана ма? - Сәулет өнер туралы не білесіздер? Ендеше,бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы ,сызбасы	Интербелсенді тақта арқылы суреттер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p>1-тапсырма Ж. "Менің болашақ..." (қиялға ерік беру). Оқушыларға ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдана отырып, қазіргі заманауи үлгідегі үйлердің немесе ғимараттардың нобайын / қасбетін/ сызбасын орындап, өз жұмыстарын қорғайды. Бағалау критерийі: - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану. - Қазіргі заманауи үлгідегі үйлер мен ғимараттардың нобайын / қасбетін/ сызбасын орындау. - Оқушылар өз жұмыстарын қорғау. Дескриптор: - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады. - Қазіргі заманауи үлгідегі үйлердің немесе ғимараттардың нобайын / қасбетін/ сызады. - Өз жұмыстарын қорғайды. ҚБ. « Жарайсыңдар» /бірін-бірі бағалау/ 2-тапсырма. ТЖ «Сұраққа жетіп ал» әдісі. Сәулет өнеріне сипаттама беру; Сәулет өнерінің 3 қасиетін ата; Ақпарат көздерін пайдалану арқылы оқулықта берілген суреттегі сәулет ескерткіштеріне таныстырылым жасау; Бағалау критерийі: - Сәулет өнері жайлы білу; - Сәулет өнерініңқасиеттерін талдау; - Ақпарат көздерінің тиімді жолдарын пайдалану;Дескриптор: - Оқушылар сәулет өнері туралы біледі; - Сәулет өнерініңқасиеттерін талдайды; - Ақпарат көздерін тиімді пайдаланады; ҚБ «Екіжұлдыз, бір тілек» /Жұптар бірін-бірі бағалалайды /өзі таңдаған жұпқа/</p>	<p>А3 қағаз, қарындаш, компьютер Кесте-сызба</p>
Сабақтың соңы (3 минут)	<p>Саралаудың әдістерін «Миға шабуыл» және «Сұраққа жетіп ал» әдістерін қолданамын. «БББ» кестесі бойынша рефлексия жасап қорытындыланады. Бұл әдіс – тәсілдер арқылы оқушылар ойын еркін жеткізе отырып, жекелей, топтасып сұрақтарға жауап береді. Тақырыптың өзектілігін айқындайды, көзқарасын білдіреді. Нәтижесінде оқушы оқу мақсатына қол жеткізеді</p>	<p>А3 қағаз, қарындаш, компьютер Кесте-сызба</p>
Рефлексия (2 минут)	<p>Рефлексия "БББ" кестесі Білетінім Білгенім Білгім келеді</p>	